



**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**СТУДЕНТІНІҢ**  
**АР-НАМЫС КОДЕКСІ**

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті студенттерінің қауымдастығы Университеттің даму стратегиясы және миссиясын жүзеге асырудағы өз жауапкершілігін сезіне отырып, Қазақстан Республикасындағы аграрлық білім берудің көшбасшысы ретінде ҚазҰАЗУ имиджін және корпоративті мәдениетін дамыту мен қолдауды өзінің міндеті ретінде санай отырып, ҚазҰАЗУ студенттері, оқытушылары, қызметкерлері және жоғарғы оқу орнының әкімшілігі арасында шынайы демократиялық қарым-қатынастар жүйесін қалыптастыруға ұмтыла отырып, ҚазҰАЗУ студентінің осы Ар-намыс Кодексін қабылдайды және оны қалтықсыз орындауға міндеттенеді.

**ҚазҰАЗУ студенті:**

**1 БАП** Қазақстан Республикасының Конституциясын және ҚР заңнамасын, ҚазҰАЗУ Жарғысын, ішкі тәртіп Ережелерін, жатақханада тұру Ережелерін және басқа да ішкі нормативтік актілерді сақтайды.

**2 БАП** ҚР Мемлекеттік рәміздерін, Қазақстанның ұлттық құндылықтары мен мәдениетін, тарихы мен мемлекеттілігін біледі және құрметтейді, дәстүрлерді ұқыпты сақтайды және көбейтеді, Университет имиджін қолдайды.

**3 БАП** ҚазҰАЗУ-ң басқа білім алушыларымен, оқытушыларымен, әкімшілік өкілдерімен және қызметкерлерімен қарым-қатынас барысында ізеттілік, кішіпейілділік және ұқыптылық танытады.

**4 БАП** Кез-келген адамды оның шығу тегі мен ұлтына, әлеуметтік мәртебесіне, діни немесе дүниетанымдық ұстанымдарына қарамастан құрметтейді.

**5 БАП** Өзінің оқу міндеттерін қатаң орындайды, этикалық, академиялық және құқықтық бұзушылықтарға жол бермейді, Академиялық адалдық кодексінің нормаларын қатаң сақтайды.

**6 БАП** Сапалы білім алу идеясын насихаттайды.

**7 БАП** Ел тағдыры үшін жеке жауапкершілікті қалыптастырады және белсенді азаматтық ұстанымды көрсетеді.

**8 БАП** Студенттік өзін-өзі басқару жұмысына қатысу арқылы көшбасшылық, ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытады.

**9 БАП** Мүліктің сақталуына, университет аумағының тазалығы мен күтіміне қамқорлық жасайды, жасыл желектерді мұқият қадағалап және күтіп, оның аумағында вандализм көріністерінің жолын кеседі.

**10 БАП** Университеттің Кітапханалық-ақпараттық ресурстарына ұқыпты қарап, оларға немқұрайлы немесе зиянды қарауға жол бермейді.

**11 БАП** Қоғамның этикалық және эстетикалық нормаларына сәйкес ұқыпты, балағат сөздерді қолдануға жол бермейді.

**12 БАП** Темекі шегуден, алкогольдік ішімдіктерден және есірткіден бас тартуды көздейтін салауатты өмір салты қағидаттарын басшылыққа алады.

**13 БАП** Өзінің мәдени, адамгершілік, физикалық және жеке деңгейін арттырады, университеттің қоғамдық, ғылыми және спорттық өміріне белсенді қатысады.

**14 БАП** Университетте де, одан тыс жерлерде де заңсыз әрекеттерге жол бермейді.

**15 БАП** Елдегі тәртіпті тұрақсыздандыруға бағытталған жалған ақпараттың таралуына жол бермейді, сондай-ақ рұқсат етілмеген жиналыстарға, демонстрацияларға, митингілерге, пикеттерге, акциялар мен шерулерге қатыспайды.

**16 БАП** ҚазҰАЗУ имиджі мен беделіне нұқсан келтіретін, университеттің мүдделеріне қайшы келетін қандай да бір қызметке қатысудан бас тартады.

**17 БАП** Корпоративтік рухты, студенттер қауымдастығына мүше болу мақтаныш сезімін арттырады.

**18 БАП** Егер кодекс ережелерінің бұзылғаны анықталса, оның жолын кесуге тырысады, бұл туралы Студенттік өзін-өзі басқару органдарына немесе университет әкімшілігіне уақтылы хабарлайды.

*Ереже университеттің Ғылыми кеңесінде  
бекітілген, 2024 жылғы 01 наурыздағы №9 хаттама.*